

"Желдірме" Мемлекеттік холдинг компаниясын қайта құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 1825

1994-1995 жылдары Реформаларды тереңдету және экономиканы тұрақтандыру жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-қимыл жоспарына сәйкес, жекешелендіру процесін монополиясыздандыру мен жеделдету, отандық автомобиль жасауды құру және дамыту, автомобиль техникаларын жөндеу мен оған сервистік қызмет көрсетуді жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Желдірме" Мемлекеттік холдинг компаниясы Байқаушы кеңесінің шешімдері негізінде және Азаматтық Кодекстің (жалпы бөлім) 45-бабына сәйкес оны "Автомобиль жасау және автомобиль жөндеу өндірісі жөніндегі "Желдірме" компаниясы" акционерлік қоғамы етіп қайта құрсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті:

"Желдірме" мемлекеттік холдинг компаниясының иеленуіне, пайдалануына және басқаруына бұрын берілген акционерлік қоғам акцияларының мемлекеттік пакеттерін иеленуге, пайдалануға және басқаруға берілген құқығын тоқтатсын.

"Автомобиль жасау және автомобиль жөндеу өндірісі жөніндегі "Желдірме" компаниясы" акционерлік қоғамына акциялардың мемлекеттік пакеттерін уақытша, олар сатылғанға дейін, сондай-ақ 1 қосымшадағы тізбеге сәйкес бірлескен кәсіпорындардағы мемлекеттік үлесін иелену, пайдалану және басқару құқықтарын берсін.

3. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті акциялардың мемлекеттік пакеттерін және "Желдірме" мемлекеттік холдинг компаниясының құрамынан шыққан акционерлік қоғамның купондық аукциондарында сатылмаған 2 қосымшаға сәйкес акцияларды қолданылып жүрген заңға сәйкес сатсын.

4. "Желдірме" мемлекеттік холдинг компаниясының мүліктік құқығы мен міндеттерінің құқықтық мұрагері "Автомобиль жасау және автомобиль жөндеу жөніндегі "Желдірме" компаниясы" акционерлік қоғамы болып белгіленсін.

5. Мыналардың:

"Автомобиль жасау және автомобиль жөндеу өндірісі жөніндегі "Желдірме" мемлекеттік холдинг компаниясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 23 тамыздағы N 738 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 33, 386-бап);

"Желдірме" мемлекеттік холдинг компаниясының президенті мен Байқаушы кеңесі

туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 4 қыркүйектегі
N 788 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1995 жылғы
21 желтоқсандағы
N 1825 қаулысына
1 қосымша

"Автомобиль жасау және автомобиль жөндеу жөніндегі

"Желдірме" компаниясы" акционерлік қоғамына берілетін
акциялардың мемлекеттік пакеттерін уақытша, олар
сатылғанға дейін және бірлескен кәсіпорындардағы
мемлекеттік үлесін иелену, пайдалану және басқару
құқықтары бар акционерлік қоғамдар мен бірлескен
кәсіпорындар
тізбесі

"Алматы АЖЗ" БК, Алматы қаласы
"Электромаш" АҚ БК, Алматы қаласы
"Іскер" АО, Алматы қаласы
"Жібек жолы" АҚ, Алматы облысы
"Жамбыл АЖЗ" АҚ, Жамбыл қаласы

"Бірлік" АҚ БК, Көкшетау қаласы

"Автомобилист" Шортанды санаторийі-профилакторийі, Көкшетау облысы

"Орал механикалық зауыты" АҚ, Орал қаласы

"Карданвал" АҚ, Шымкент қаласы

"Шымкент АЖЗ" БК, Шымкент қаласы

"Қазақстан автомобильшісі" ДҮ, Қырғызстан Республикасы, Қорымды селосы

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1995 жылғы

21 желтоқсандағы

№ 1825 қаулысына

2 қосымша

"Желдірме" мемлекеттік холдинг компаниясының

құрамынан шыққан, акцияларының мемлекеттік
пакеттерін Қазақстан Республикасының
жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті
сататын акционерлік қоғамдардың
тізбесі

"Жалын" АҚ, Ақтөбе қаласы

"Ат жолы" АҚ, Ақмола облысы

"Құрылыс материалдары" АҚ Алматы қаласы

"Трансстрой" АҚ, Алматы қаласы

"НИИАТ" АҚ, Алматы қаласы
"ПИАТ" АҚ, Алматы қаласы
"Автотехника" АҚ, Алматы қаласы
"Инфотрейд" АҚ, Алматы қаласы
"Есік механика зауыты" АҚ, Алматы облысы
"Авторемонтник" АҚ, Қарағанды қаласы
"Стром" АҚ, Қостанай қаласы
"Сайман" АҚ, Талдықорған қаласы
"Авторемзавод" АҚ, Семей облысы
"Орал АЖЗ" АҚ, Орал қаласы